

СӨЖ

Семей мемлекеттік медицина
университеті



Бедеулікті емдеудегі
қазіргі репродуктивті
технологиялар

Орындаған: Бактынова Гульмира
410 Топ ЖМФ

Ж О С П А

Р:

❖ Кіріспе

❖ Негізгі бөлім:

Бедеулікті емдеудегі жаңа
технологиялар

Суррогат ана
ЭКО

❖ қорытынды бөлім



Бедеулік дегеніміз, бұл – балалы болуға қабілетсіздік, яғни ана болу бақытынан қол үзу. Бедеулігінің себеп-салдары өте көп. Бедеулікті емдемес бұрын оның нақты неден екендігін анықтау қажет. Өйткені кез-келген аурудың жүз пайыз дәл, нақты себебін анықтау – елу пайыз емделгенмен тең. Бедеуліктен емдеудің негізгі әдістеріне әйел мен еркектің қабілеттілігін мүмкін болғанша қайта қалпына келтіру мен ол мүмкін болмаған жағдайда, жасанды жолмен қолдан ұрықтандыру жатады. Қазіргі репродуктивті технологиялардың бір тәсілі - ұрықты құтыда өсіру болса, екіншісі - қолдан ұрықтандырылған эмбрионды басқа әйелдің құрсағына салып беру






Санамызға «суррогат ана» деген ұғымның енгеніне көп бола қойған жоқ. Ал көмекші репродуктивті технологияның тарихына көз жіберсек, елімізде қолдан ұрықтандыру тәжірибесінің енгізілгеніне он бес жылдың жүзі ғана болды. Алғашқы ЭКҰ орталықтары сол кезде пайда болып, баладан күдерін үзген жандардың көкірегінде үміт оть жаққан.






Дәрігерлер бұл тәсіл әйелдің жатырын алып тастаған немесе бала көтеру оның денсаулығына зиян болатын жағдайда ғана қолданылатынын айтады. Оның моральдық-этикалық, адамгершілік, имани тұрғыдан өте нәзік мәселе екендігі, табиғаттың заңына адамзаттың қол сұғуына болмайтыны жайлы көп айтуға болады. Алайда Қазақстанда құрсақты жалға беру заңмен бекітіліп, қатталып қойған. Осы жылдар аралығында 5000 бала КРТ-мен өмірге келген.



Қазір елімізде экстракорпоралды әдіспен бойға бала бітіретін 8 орталық бар екен. Қазақстандық репродуктивті медицина қауымдастығының президенті Вячеслав Локшиннің деректері бойынша, ЭКҰ тәсілі бойынша елімізде жыл сайын 500-ге тарта бала дүниеге келсе, соның 40-қа жуығын «құрсақ шешелер» өмірге әкеледі. Мамандар қолдан ұрықтандыруға деген сұраныстың жылдан-жылға артып келе жатқандығын айтады. Өйткені елімізде шаңырақ көтеретін 100 отбасының 15-16-сы бала сүю бақытынан айырылған. Солардың отыз пайызына көмекші репродуктивті





Демографияға кері әсерін тигізіп отырған бедеулік дертіне мемлекет те көңіл аударып, былтырғы жылы арнайы 100 квота бөлсе, биыл оның санын 350-ге жеткізді. Алайда дәрігерлер ЭКҰ кезінде бойға бала бірден бітіп кетпейтіндігін айтады. Тіпті қолдан ұрықтандырудың нәтижелі болуы бар-жоғы 40 пайызды құрайтын көрінеді.

Елімізде бедеулікті емдеу мақсатында қолданылатын көмекші репродуктивті технологиялардың бір тәсілі - суррогат ананы жалдау. Алайда бұл тәсілді қолданбас бұрын, барлығын мұқият саралау қажет. Құрсақ шешені үміт үзіліп, басқа шығар жол қалмаған кезде ғана жалдау керек. Ең бастысы, оны репродуктивті бизнеске айналдырып алмағанымыз жөн. Яғни ерлі-зайыптыларды жан-жақты зерттеуден өткізіп барып, бедеулікті емдеудің басқа тәсілдері нәтиже бермеген кезде, некеде тұрған жандар өзара келісім бойынша құрсақ шешенің қызметіне жүгіне алады. Бұл талаптар еліміздің «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде жазылған.



Ендігі сөзімнің негізгі желісі қазақтың тектілік ұғымынан туындаған сондай-ақ, мына бір мәселе - өмірге табиғи жолмен емес ғылыми жолмен келетін әлгіұрпақ жөнінде болмақ. Дәлірек айтсақ - ЭКО (экстра-корпоральное оплодотворение) әдісі өзінің бастапқы ғылыми - теориялық тәжірибелік шеңберінен шығып, адамзат өмірінің ажырамай айналғалы да 30 жыл болыпты.





Яғни дәрігерлердің «түтікшесінен» пайда болған ең алғашқы адам бүгінде 30 жасқа келген. Луиза Браун Ұлыбританияда дүниеге келіпті. Содан кейін бұл әдіс әлемнің түгелге жуық елдерінде қолданысқа енген көрінеді. Қазіргі таңда жер шарында жасанды жолмен дүниеге келгендердің саны миллионнан асады екен.

Демек, ЭКО әдісіне жүгінуге әрине, әйелдер мен еркектердің бедеулігі себеп. Міне, осыған сәйкес соңғы уақытта медицинаның алға жылжып, дамуының жемісі- жанды ұрықтандыру, экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКО) еркектер мен әйел бедеулігі, яғни донор сақтау ісінде республикада 1995 жылдан бері нақты нәтижелерге қол жеткізуде

Демек, мұның қысқасы әртүрлі себептермен перзент сүйе алмай жүрген ерлі-зайыптылар қазір күн санап көбеймесе азаймай отыр.

Олар емделеміз деп мықты дәргерлердің есігін тоздырады.

Тәуіп-молдаларды түгендейді. Сөйтіп, «бармаған жер,



баспаған тауы» қалмайды. Демек, ЭКО олардың ең соңғы және жалғыз үміті . Енді ЭКО туралы айтып кетсем:




Экстрокорпоральды ұрықтандыру дегеніміз не?

ЭКҰ - адам ағзасынан тыс ұрықтандыру. Қатаң медициналық көрсеткіштер бойынша бедеулікті емдеудегі жаңа репродуктивті технология. ЭКҰ әдісі өте күрделі процесстердің бірі. ЭКҰ төмендегі кезеңдер бойынша жүргізіледі:

- Бедеуліктің себебін анықтау
 - көптеген фолликулдардың өсуін жоғарлататын гормональды препараттарды тағайындау
 - Ультродыбыстық зерттеулер арқылы бақылау
 - Фолликулға пункция жасау уақытын анықтау
 - пункция жасау, қоректік ортаға енгізу
 - сперматозоидтерді дайындау
-
- Инсеминация жасау, яғни аналық жасуша мен спрематозоидты пробиркаға енгізіп инкубаторға 48 -72 сағатқа қою.
 - Эмбрионды ана жатырына 3 - 5 күні енгізу.
 - Ұрықтың дамуына жіне имплантацияны жақсартатын препараттарды тағайындау.



ЭКҰ-ң сатті өтуі көптеген жағдайларға байланысты: жасына, бедеулік уақыты, қабылданған препараттарға аналық жасушаның жауабы сонымен қатар тағайындалған процедуралардың дұрыс сақталуы және ерлі зайыптылардың психологиялық дайындығы. Ең алдымен ер адамның спермасын бактериологиялық тексеруге жиберсе, ал әйел адамның жатыр мойынының өзектерін тексереді. Кейін қананализін алады (гормондарды анықтау үшін)



Кейін жаңа кезең басталады. Дәрігерлер арнайы препараттармен овуляцияны стимулдейді , және процессті УДЗ арқылы зерттеп отырады. Егер овуляцияны стимулдеу нәтижелі болса, дәрігерлер жатырдың артқы күмбезіне пункция жасайды да жұмыртқадан аналық жасушаны алады. Ұрықтандырып 48 сағатқа арнайы ортада өсіреді. Пластикалық катетер көмегімен жатыр қуысына енгізеді. Ұрықтандыру нәтижелі болу үшін әйелге 2-3 эмбрион енгізеді, оның мықтысы ғана өір суретін болады.



Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, барлығын заңға бағындырып, заң аясында шешуге ұмтылады. Алайда заңның да заман талабынан туындайтынын ескерген жөн. Ертеңгі күні дүние есігін ашқан сәби не құрсақ шешесіне, не генетикалық ата-анасына керек болмай, жетім қалмау жағын көбірек қарастырсақ құба-құп.



ҚОЛДАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Интернет желісі

www.google.ru

www.yandex.ru

www.mail.ru
«Егемен Қазақстан», 18.03.11.

2. «Заң газеті», 16.03.11.

Журнал "Клуб родителей Детки.kz" № 5 май
2010

Назарларыңызға
рахмет!!!